

**Шектеу іс-шараларын алу және Ж.Ералиев ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 4 наурыздағы № 27 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Түркістан облысы Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 24 мамырдағы № 91 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 мамырда № 22816 болып тіркелді

"Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 46-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жетісай аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2021 жылғы 04 мамырдағы № 08-02-03/130 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Листерияз ауруының ошақтарын жоюға қатысты ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі, Үтіртөбе елді мекеніндегі Жағалау көшесіне белгіленген шектеу іс-шаралары алып тасталсын.

2. Жетісай ауданының Ж.Ералиев ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2021 жылғы 04 наурыздағы № 27 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6083 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Жетісай ауданының "Ж.Ералиев ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Жетісай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жетісай ауданының Ж.Ералиев  
ауылдық округі әкімі*

*К. Акишев*